ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-1
ҒТАМР: 16.21.33

Қ.Т. Бибеков[1*], Л.М. Оразгалиева[2]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қ. Мұңайтпасов к-сі, 11
[2]Astana IT University,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, С1
[*]ORCID: 0000-0003-2850-9637
*e-mail: kanysh.bibekov@gmail.com

ШӘКӘРІМ ТІЛІНДЕГІ АБАЙ ДӘСТҮРІНІҢ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақала Абай қалыптастырған поэтикалық тілдік дәстүрдің Шәкәрім шығармашылығында қалай жалғастырылып, жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін анықтауға арналған. Зерттеу нысаны ретінде Абай мен Шәкәрім поэзиясының тілдік ерекшеліктері, олардың композициялық-стилистикалық құрылымы және көркемдік-эстетикалық жүйесі алынды. Зерттеуде сипаттамалы талдау, салыстырмалы әдіс, лингвопоэтикалық талдау, семантикалық модельдеу тәсілдері қолданылып, өлең тіліндегі тілдік бірліктердің стильдік және мағыналық трансформациясы қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері Абай дәстүрінің Шәкәрім поэзиясында әр қырынан жалғасын тапқанын көрсетті: Шәкәрім халықтық тіл элементтерін жаңаша өңдеп, тұрақты образдарды жаңа семантикалық реңктермен толықтырады; аллитерация, ассонанс, анафора, эпифора сияқты көркемдік тәсілдерді стильдік мақсатта шебер қолданады; дерексіз ұғымдарды деректендіріп, тілдің бейнелеу мүмкіндіктерін кеңейтеді; жаңа метафоралық құрылымдар, синкреттік тіркестер жасайды. Шәкәрімде поэтикалық тілдің эстетикалық табиғаты автордың рухани-этикалық ұстанымымен ұштасып, тілдік тұлға ретінде оның дара стилін қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелері қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысын, Абай мектебінің тарихи-эстетикалық жалғастығын нақты тілдік деректер арқылы айқындауға мүмкіндік береді. Мақала поэтикалық тілдің дамуын түсіндіруге, лингвопоэтикалық талдау әдістерін жетілдіруге және әдебиеттегі тілдік тұлға мәселесін зерттеуге теориялық және тәжірибелік тұрғыдан үлес қосады.

Тірек сөздер: Абай дәстүрі, Шәкәрім поэзиясы, поэтикалық тіл, лингвопоэтикалық талдау, тілдік тұлға, дәстүр мен жаңашылдық.

Кіріспе

Абай поэзияда ғана емес, көркем әдебиет тіліне де өзіндік жаңалық әкелді. Көркем әдебиет тіліндегі Абай жаңалығы ізбасарларының шығармашылығы арқылы дәстүрге айналды. Абайдан кейінгі ақындарды, тіпті жазушыларды алсақ та, оның дәстүрін жалғастырушы болды дей аламыз. Әрине, Абай дәстүрін жалғастырушылардың алғашқы легінде оның шәкірттері тұрды. Абай шәкірттерінің көрнекті өкілі – Шәкәрім. Шәкәрім Абай дәстүрін жалғастырушы шәкірті ретінде мойындалған. Абайдың тілдік, дәлірек айтқанда, поэтикалық тілдік дәстүріне тән ерекшеліктер Шәкәрім шығармаларының тілінде қалай көрінеді және өзіндік ерекшеліктері қандай деген мәселе өзекті деп ойлаймыз. Өйткені бұл Абайдың тілдік дәстүріне тән белгілерді саралап алу үшін аса маңызды.

Шәкәрім Абай дәстүрінің көрнекті өкілі болумен бірге, тынымсыз шығармашылық ізденістер нәтижесінде туған өзіндік идеостилі барынша айқын болып келеді. Поэтикалық тілді талдауда образ жасау мәселесі басты орын алады. Шәкәрім поэтикалық образ жасауда тілдік құралдарды көркемдік-стилдік мақсатқа сай жұмылдырып, эстетикалық бүтінге айналдыра білген. Кез келген суреткердің өзі өмір сүріп отырған заман, көркемдік дәстүр ықпалында болатыны сөзсіз. Дәстүрдің өзі жалғастық пен жаңалық ұғымын қамтиды. Шәкәрім де өзіне дейінгі ақындық-жыраулық дәстүрдің озығын алып, тозығын қалдырып отырған. Шәкәрім Абай қалыптастырған тілдік дәстүрдің жалғастырушысы дегенде, көркем әдебиет тіліне тың жаңалықтар енгізіп дамытқанын да айта кетуіміз керек.

Мақалада Абай қалыптастырған тілдік дәстүрді Шәкәрім қалай жалғастырып өрістетті және қандай жаңалықтар әкелді деген мәселелерді анықтауды мақсат еттік. Абай дәстүрінің жалғастырушысы ретіндегі Шәкәрім шығармаларының композициялық-стилистикалық құрылымына, тілдік құралдардың ұйымдастырылуына тән басты белгілерді анықтауды көздедік. Осы мақсатта Абай мен Шәкәрімнің поэзиялық шығармалары зерттеу нысанасына алынды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде Абай мен Шәкәрімнің поэзиялық шығармалары алынды. Салыстыра талдау мақсатында Абайға дейінгі ақын-жыраулардың шығармалары қарастырылды. Абай мен Шәкәрім шығармаларының композициялық-стилистикалық ерекшеліктері зерделенді. Өлеңнің көркем-эстетикалық жүйесіне енген сөздердің мағыналық жақтан трансформацияланып, поэтикалық бірлікке айналу құбылысы талдауға түсті. Абай дәстүрінің тілдік үлгілері Шәкәрім шығармаларының поэтикалық жүйесіндегі көрінісімен салыстырылды. Зерттеу барысында сипаттамалы әдіс (дескриптивті) поэтикалық құрылымды, тілдік ерекшеліктерді анықтау үшін пайдаланылды. Салыстырмалы әдіс арқылы Абай мен Шәкәрімнің шығармаларының тілі дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан қарастырылды. Лингвопоэтикалық талдау ақын поэзиясындағы көркем бейнелеу құралдарының қызметін анықтауда тиімді болды. Негізгі концептілер мен метафоралардың өзара байланысын сипаттау үшін семантикалық модельдеу әдісі таңдалды. Сондай-ақ зерттеу барысында лингвомәдениеттану**,** аксиологиялық лингвистика**,** мәтін лингвистикасы**,** стилистика және поэтикалық семантика теорияларының ұстанымдары негізге алынды. Шәкәрімнің поэзиясы мен Абай дәстүрі арасындағы сабақтастық лингвопоэтикалық параллельдер арқылы сараланып, тілдің эстетикалық табиғаты мен шығармашылық тұлға арасындағы байланыс анықталды.

Әдебиетке шолу

Көркем әдебиет тілі де әдеби тілдің материалында жасалып, жалпы тілдік заңдылықтарға бағынады. Көркем әдебиет тілі туралы айтқанда, М.Әуезов грамматикалық тіл заңдылықтарындай көркем әдебиет тілінің өз заңдылығы болатынына назар аудартады [1]. Көркем әдебиет тілінде тілдік элементтер көркемдік-эстетикалық мақсаттан туындаған поэтикалық тіл заңдылықтарына негізделеді. Суреткер шеберлігінің өзі ол тудырған көркем шығарма тілінің шұрайымен бағаланады. Көркем әдебиет тілі де белгілі бір дәстүрге сүйеніп дамиды. «Көркем шығарма өз заңдылықтары бар өзіндік жеке эстетикалық құрылымға (көркем тілге) ие. Ол құрылым – тілдің құрылымымен бір емес, алайда тілдік құрылымның қасиеттеріне негізделеді» [2].

Абайдың тілдік дәстүрінің өзіне дейінгі көркем әдебиет тілінен ерекшелігін іздегенде, бірінші кезекте, тілдік құралдарды ұйымдастырудың құрылымдық принциптерін, көркем шығарманы құрудағы негізгі, мәнді конструктивтік тәсілді анықтап алу маңызды.

Абай өз шығармаларын сол кезеңдегі жалпыхалықтық тілде жазды. Ерекшелігі мазмұны мен түрінде, көркем әдебиет тілінде, даралық стилінде болды. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Сөз аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адам шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адам болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі» [3] – деп, Абай тілінің өз дәуірінде басқа ақындар тілінен түбегейлі ерекшелігі болғанын атап көрсетеді. Бұл ерекшеліктің бір ұшығы Абайға дейінгі ақын-жыраулардың ауыз әдебиеті өкілдері болуымен байланысып жатыр. Профессор Қ.Қ. Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласында оның себебін ашып көрсетеді: «Оның үстіне басы артық, қосар сөздердің ескі өлеңмен қалмайтын, сонымен сөздердің мәнін сұйылтатын тағы бір себебі бар: ол – әдебиеттің ауыз әдебиеті болушылығы. Ауызекі сөйлеген сөз бір айтылғансын өтіп кетеді де, қайта тыңдауға келмейді. Айтушының өзі де, қайтарып айтқанда, алдыңғысын түгел айтып шыға алмайды. (Жаттап алған болмаса). Ал жазылған сөзді ескермей қалсақ, қайтадан әлденеше рет қарап алуға, түсінбеген жерімізді түсініп алуға болады. Сондықтан жазылған сөзді мейлінше нығыздауға, сөйлемін орамды, мағынасын терең қылып жіберуге болады. Бірақ ауызекі сөзге мұны істеуге болмайды» [4].

Ақын-жыраулар өз туындысын тыңдаушыға ауызша айтып жеткізетін болғандықтан, оның ұғым-түсінігін, қабылдау мүмкіндігін ескермей тұра алмайды. Бұлай болмаған жағдайда айтқандары түсініксіз болып қалуы мүмкін. Сондықтан да өз ойын тыңдаушыға бұрыннан таныс, көзімен көріп, көңілге түйген нәрселерімен сабақтастыра егіздеп, қосарлап айтуға мәжбүр болып отырады.

Ауыз әдебиетінде, Абайға дейінгі ақын-жырауларда өлең құрылысының талаптарына орай басы артық сөздер, сөйлемдер орын алады. Мысалы,

Барады үркер ауып жазға таман,
Жүгірдім мылтық алып қазға таман.
Буылып қол-аяғым жатсам-дағы,
Домалап бара жатам қызға таман.

(Жаяу Мұса)

Осы шумақта ақынның негізгі ойы «Буылып қол-аяғым жатса-дағы, Домалап бара жатам қызға таман» соңғы екі жолда айтылған. Ал «Барады үркер ауып жазға таман, Жүгірдім мылтық алып қазға таман» деген алғашқы екі жол негізігі оймен байланысы әлсіз, негізінен, шумақтағы жол санын толтырып, ұйқасты қамтамасыз етуге қызмет еткен. Рас, аңшының қаз атуға құмарлығы мен жігіттің қызға деген құмарлығы арасына логикалық тұрғыдан белгілі мөлшерде параллельдер қоюға болады. Көркем мәтінде олардың арасында семантика-стилистикалық тікелей сабақтастық әлсіз екенін байқау қиын емес.

Халық поэзиясы тілінде өлеңнің сыртқы құрылысына, ұйқасына байланысты заңдылықтар үстемдік құрады. Оны қамтамасыз ету үшін өлең идеясына, мазмұнына қатысы жоқ сөз, оралымдар қолданыла береді. Өлеңдегі сөздердің семантика-стилистикалық байланысы солғын болғандықтан, мәтіндегі кез келген сөз стилистикалық бірлік ретінде көріне алмайды.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында кездесетін мұндай басы артық сөздер мен сөз тіркестері ауыз әдебиеті үшін кешірімді. Өйткені өлеңде атқарып тұрған өзінің қызметі, арқалап тұрған жүгі бар. Ал жазба әдебиет үшін мұндай жанама сөз қосарлап айту олқылық болып саналады. Абай өзіне дейін негізінен ауызша дамыған қазақ әдебиетін жаңа деңгейге, жазба әдебиет деңгейіне көтерді. Абайдың тілі қазіргі кезде сан қырынан алынып зерттеліп жатыр. Соның ішінде лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психолингвистика тұрғысынан зерттеу ағын шығармашылығына терең бойлауға мүмкіндік береді. Абай тілінің поэтикалық корпусын жасау бағытындағы зерттеулер де бар [5].

Абай да халықтық тілдегі образдардан қашпайды. Қайта өз шығармашылығында молынан пайдаланады. Бірақ Абай оларды қаз-қалпында, бәз баяғы күйінде ала салмайды. Бұл мәселені профессор Қ. Жұбанов анықтап көрсеткен: Абай қазақтың мақалын да, ертегісін де, салтын да – бәрін де суретке пайдаланады. Бірақ осының бәрінде қазаққа таныс образдардың өзі бұрынғы құрысып, қатып қалған күйінде тұрмайды, жүріп кетеді, жан бітеді, жетіліп, өсіп, ашылып, жарқырап кетеді. Өз қалпында қалып қоймай, уақиғаның өзіне біте қайнап қосылып кетеді» [4]. Абайдың шығармашылық мәнмәтініне енген кез келген сөз, тілдік тұлға біртұтас идеялық-композициялық мазмұнға қызмет етеді.

В.В. Виноградов «Проблемы русской стилистики» атты еңбегінде образ үшін материал бола алмайтын сөз бен тілдік тұлға жоқ дейді [6]. Ғалым тілдегі қарапайым сөздің жарқын экспрессивті-бейнелі қызмет атқаруы көркем шығарманың құрылысымен байланысты екенін ашып көрсетеді.

Ауыз әдебиетінде өлең өлшемдері, көркемдік тәсілдер эпикалық және лирикалық жанрларды жіктеуге де мүмкіндік беретін. Жазба әдебиет мен баспа ісінің дамуы классикалық жазба әдебиеттің, шетел әдебиетінің дәстүрлерінің ықпалымен жаңа үлгілердің пайда болуына жол ашты [7]. Абай да, Шәкәрім де араб-парсы, орыс, еуропа жазба әдебиеттерімен таныс болғандықтан, озық үлгілерді алды, сонымен қатар жаңа үлгілер тудырды. «Шәкәрім – тілдік тұлға. Ақынды тілдік тұлға ретінде тану, ең алдымен, оның әдеби тілге қосқан сандық, сапалық өзгерістерін анықтаудан басталады» [8]. Шәкәрімнің көркем әдебиет тіліне қосқан үлесі ерекше. Шәкәрім тілінде тілдік бейнелеуіш-көркемдеуіш тәсілдердің соны түрлері қолданылған. «Поэтикалық тілдік тұлға – сананың өзіне ғана тән семантикалық құрылымына

ие, екі болмыста көріне алатын тілдік тұлғаның ерекше типі» [9]. Абай да, Шәкәрім де жай ғана тілдік тұлға емес, поэтикалық тілдік тұлға дей аламыз. Абайдың «Адамның кейбір кездері» деген өлеңінде ақындық поэтикалық болмыс жағдайындағы тұлға санасының трансформациясы мейлінше дәл берілген. Поэтикалық тілдік тұлға тілді тұтынушы, тасымалдаушы ғана емес, оны жасампаздықпен жаңғыртып, көркем туынды түрінде қайта ұсынады. Шығармашылық үдерісте тіл мағынылық жақтан да, тұлғалық жақтан да дами түседі.

Нәтижелер және талқылау

Абай поэзиясында тілдік бірлік, лексика-грамматикалық бірлік, немесе тіпті көркем әдебиетте қалыпқа түскен тұрақты тіркес дайын образ күйінде сақталып қала алмайды, шығармашылық ой қазанында қайнап, стилистикалық бірлік, стилема ретінде қайта жаңғырады. Мысалы,

Кеселді болып бітеді
Жақсыға біткен жақындар.
Жау жағадан алған күн
Өздері иттей тақымдар.

Осы шумақты оқығанда қазаққа бұрыннан таныс образдар көңілге орала кетеді. Бірақ олар оқшау-оқшау қалмай бір-бірімен қиюласып, мүлде жаңа тосын сурет, бейне жасайды. Абай халықтық тілдегі қаз-қалпында алып: «Жау жағадан алғанда, ит етектен алады» дегендей десе, құрғақ нақыл, жансыз тіркес болып қалар еді. Өзі айтқандай:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап, –

болып шығар еді. Абай мақал компонентін болсын, жеке сөздерді болсын өлеңнің идеялық-композициялық мазмұнына сай келгендіктен алады да, жаңа мағына бітіріп, көркем мәтіннің бірлігіне, стилистикалық бірлікке айналдырып жібереді. Ол жалпыхалықтық тілдегі әдеттегі лексика-грамматикалық сөз немесе тұрақты сөз тіркесі болып қала бермей, ақын қолданысында жаңа маңызға ие болып жарқырай түседі. Өлең мәтіні де қатып қалған өлі шындықты емес, жанды өмір шындығын барлық бояуымен, ыстық лебімен, ащы запыранымен алға тартып, ой-қиялымызда өрнектеп өтеді. Абайдың тілдік дәстүрі ақын шәкірттерінің тілінде де айқын көрініс береді. Олардың шығармаларында айтылған негізгі ойға қатыссыз тілдік қолданыстар негізінен ұшыраспайды. Шәкәрім тілінде өлең құрылысындағы жаңашылдығы ғана емес, сөз қолданудағы, тілдік көркемдеуіш құралдарды сұрыптап алудағы басты ұстанымдары да айқын көрініс табады.

Қазақ поэзиясында дыбыстардың үйлесімін көркемдік тәсіл ретінде қолданылған. Соның бірі аллитерация бірыңғай дауыссыз дыбыстардың мән мәтінде қайталанып келуі болса, Шәкәрімде бұл тәсілді пайдаланған:

Жанған оттай жалындап,
Жайлауға қарай ел көшті.
Жанбақ түгіл жабырқап,
Жаралы жүрек қайта өшті.

Өлеңде **ж** дыбысының қайталанып келуі арқылы анафора құбылысы да орын алған. Сондай-ақ бірыңғай **а** дауыстысына құрылған ассонанс құбылысы да көрініс береді.

Ащы деп алмай қоймаңыз,
Аңсағанда керек су.
Абайлап артын ойлаңыз,
Алды ғой алдап өңкей қу.

Өлең ассонанстық анафораға құрылумен бірге, **а** дыбысына негізделген ассонанс өлеңнің барлық бунағында келіп отырған. Анафора өлеңге ерекше әсер беріп, сезімге әсер ететін эмоциялық бояуын қалыңдатқан.

Өлең жолдарының соңында қайталап келетін жеке сөздерді не сөз тіркестерін қолдану эпифора құбылысы болса, поэтикалық көріктеу амалының бірі ретінде ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында қолданылып келген. Өз кезегінде Шәкәрімде эпифораны көркемдік

мақсатқа сай пайдаланудан бой тартпайды. Мысалы, «Арман» атты өлеңінде ұйқас бастан аяқ *«арманда»* сөзіне құрылады:

Жасты көксеп кемпір мен шал *арманда,*
Өсіп үлкен бола алмай бала *арманда.*
Еркектей еркін өмір сүрмедік деп,
Әйелдер де болады және *арманда*.

«Тағы сорлы қазақ» өлеңі *«жоқ»* сөзінің эпифоралық қайталама ретінде келуіне құрылған. Шәкәрімде қайталамалар, көбінесе, бір не екі шумақ көлемінен аспайды. Шәкәрім аллитерация, ассонанс құбылыстарын тек белгілі бір стильдік мақсатқа пайдаланғаны болмаса, барлық өлеңдерінде бірдей бұл тәсілдерге жүгіне бермейді.

Абай поэзиясы сияқты Шәкәрім поэзиясы да барынша бейнелі, көркем де жанды болып келеді. Өзі айтып отырған жағдайды дәл бейнелеп көз алдымызға әкеледі. Адамның сырт келбетін, мінез-құлқын, қимыл-әрекетін, сезім күйін нақты суреттеп беруде Шәкәрім тілінің көркемдігі анық танылады. Әрі суреттеліп отырған жайға ақынның көзқарасы, бағасы мен көңіл күйі қоса білдіріліп отырады. Шәкәрім тілінде *дүбірлеу, шуласу, жайнау, жалбырау* сияқты т.б. бейнелеу етістіктерінен өмір тынысы сезіліп тұрады. Мысалы,

Жетпекке үлкендікке жас балалар,
Жүгірер қырдан ойға *дүбірлесіп*.
Шал-кемпір *күншуақтап*, көңілі жай боп.
Өткен күн, өмірін айтып, *күбірлесіп*.

Осы шумақтарда *дүбірлесіп, күбірлесіп, күншуақтап* етістіктері әр түрлі жастағы адамдардың әрекеттері бейнелі көрініс беріп, балалардың ойын-шуы, карттардың баяу әңгіме шертіскен қалыптары көз алдымызға келеді. Сондай-ақ *жадырау, салбырау, шалқысу, жымыңдау, еру, толқу* етістіктері жан толқынын, көңіл күйін аңдатып қалады. Шәкәрім тілінде қазақ тілі лексикасының барлық қабаттары қамтылған десек, артық айтқандық емес. Шәкәрім поэзиясында тілдік бірліктер поэтикалық жүйеге енгенде түрленіп, поэтикалық бірлікке айналады. Бұл поэтикалық өзектендіру қағидасымен анықталады. «Поэтикалық өзектендіру қағидасы – поэтикалық мазмұнмен толыққан тілдік бірліктерді анықтау және сәйкесінше бағалау» [10].

Тұрмыс-салт, діни лексика, саяси-әлеуметтік лексика, терминдік мәнге ие арнаулы лексиканы поэзия тілінде көркемдік құралға айналдырып жіберген. Ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын: *қағыну, шабандау, тырысу, бұртаңдау, әншейін, жұмыстау, құр қалу, оттау, шату, үзіп-жұлу, мұқым, мақұл, мәсі, етік, опайке, бұл, сукно, пішу, тігу, шай, сүт* сияқты т.б. сөздерге де стильдік жүк артып, экспрессивті-эмоционалды бояуын тиісті орнына пайдалана білген.

Шәкәрім шығармашылығында ерекше орын алатын әлеуметтік лирикасында *ар, иман, адамшылық, надан, надандық, талап, ұят, мақтан, өтірікші, жамандық, ашу, ынсап, нәпсі* сияқты т.б. адамның моральдық бет-бейнесін ашатын лексика қабаты мол қолданылады. Шәкәрім бұл сөздерді үнемі тура мағынасында қолдана бермейді. *Сабыр, қайрат, рахым, ұят, нәпсі, еріншек* сияқты т.б. дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздерді деректендіріп, жан иесі, адам сияқты сөйлетеді, күлдіреді, жылатады. Шәкәрім тілінде экспрессия тудырып сезімге әсер етуде бұл тұрақты қолданылып отыратын көркемдік тәсіл болып табылады. Мысалы, «Ашу мен ынсап» өлеңінде:

Ашу келді арсылдап.
«Елді сөк те жаманда, –
Деп ұрысты Ашуым, –
Жамандықтан аман ба,
Шыннан қалай қашуың?»

Ашу сөзінің мағына ауысу жолын метонимия деп бағамдауға болады. Сол арқылы Шәкәрім ашуға мінген адамның амал-әрекетін, мінезін көрсетіп тұр. Аталған мінез-құлық, сезімдердің қай-қайсысы да кез келген адам бойынан табылады. Бірақ біреуді мінез билесе,

біреу мінез-құлқын өзі билей алады. Шәкәрім жалаң насихаттан гөрі бейнелі, көрнекі түрде айтқанда көңілге қонымды болатынын дұрыс пайымдап, көркем де әсерлі етіп бере білген. Шәкәрім өлеңдерінде жалпыхалықтық тілде жалпылама қолданылатын бірінің орнына бірі жүре беретін сөздердің мағынасын анықтап, нақтылап та кетіп отырады. Бұл ақынның айтар ойының дәл де анық болуына аса қажет әрі жалпыхалықтық тілдегі мағынасы да айқындала түседі. Сол арқылы ақын мен оқырман арасындағы түсініспеушілік, екұдайлық жойылады. Мысалы,

Ұят сол аулақта ұял көргендей-ақ,
Ұрлаған малың шығып бергендей-ақ.

Шәкәрім *ұят* сөзінің мағынасын екі ауыз сөзбен дәл білдіреді. Адамның моральдық бейнесіне нұқсан келтіретін мінездерді «Ызақорлар», «Сәнқойлар», «Еріншек», «Құмарлық» сияқты т.б. өлеңдерінде сынға алынған.

Шәкәрім тілінде өзіне дейінгі көркем әдебиетте кезіге бермейтін соны тілдік қолданыстар жиі ұшырайды. Әрі мұндай көркем образдардың қазақ дүниетанымына соншалық етене жақын болып көңілге қона кетуі де ақынның шеберлігін көрсетеді: *ар сату, шолақ ой, көңіл көзі, ой құмар, жүректің таразысы, жаралы жүрек, сұм жүрек, қайраттың босы, жаралы көңіл, жүрегім дертті, улы жүрек, долы тіл, партия күйлеу, жалмаудан жалықпау, таза ақыл, тозған мін* сияқты т.б. Бұл аталған тіркестердің бірқатары Абайда да қолданылған.

Шәкәрім өлеңіндеріндегі Абай шығармаларымен үндестік тек идеясында ғана емес, сөз саптауында да анық аңғарылып тұрады. Абайдың «Адамның кейбір кездері» деген өлеңіндегі мына жолдарға аназар аударайық:

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірсе алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сыя, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл.

Осы шумақтағы *ызалы жүрек, долы қол, улы сыя* тіркестері Абай заманындағы қазақ тілі үшін соны да тосын болып келгені сөзсіз. Шәкәрімнің «Қайғылының ішінде жанар жалын» деген өлеңі Абайдың ойын одан ары сабақтай түскендей көрінеді.

Тілі ащы деп, жігіттер, мені сөкпе,
Ашулының әр сөзі тиер көпке.
Өткен өмір – өкініш, *ой жаралы*,
Дерті қалың делбемін шірік өкпе.

Құры тілмен зарланып сайраулымын,
Қол-аяғым бос емес, байлаулымын.
Улы жүрек, долы тіл сөйлеп отыр,
Ыза қысып *тісімді қайраулымын*.

Алайда Шәкәрімде Абайдың тіркестері қаз қалпында қайталанбай, үлгіге алынғанымен соны болып келеді. Абайда *ызалы жүрек* болса, Шәкәрімде *улы жүрек,* Абайда *долы қол* болса, Шәкәрімде *долы тіл* тіркестері орын алған. Әрі әйтеуір тіркестердің орынын ауыстыра салу емес, сол арқылы осы тіркестердің арқалап тұрған семантикалық жүгі де басқа болып шыққан. Шәкәрімнің эмоционалды жағдайы, ішкі көңіл күйі *ашулы, тісімді қайраулымын* деген сөздер арқылы көрініс тапса, *ой жаралы* деген соны тіркес те өз кезегінде экспрессияны еселей түседі.

Шәкәрімдегі *көңіл жібі, үміт үйі, кірлі көңіл* сияқты т.б. қолданыстарда дерексіз зат есімдер деректі зат есімдермен синкреттік тіркеске түскен. Жалпыхалықтық тілде бұлар өзара

тіркеспейтін сөздер болып табылады. Шәкәрім тілінде тіркесіп қана қоймай көркем де бейнелі образдар жасайды.

Құбылмалы сарай бұл
Құм үстінен салынған.
Сансыз байдан қалған тұл,
Жарай ма оған жалынған?
Өмір үйі желде тұр,
Үміт үйі – сағымда,
Көз жетпейтін көлде тұр,
Іздеген ерік бағында.

Үміт үйі дегенде *үміт* дерексіз зат есімі адам сезімін, қалауын білдіреді. *Үй* деректі зат есімі баспана, тұрақ екені белгілі. Метафоралық тіркес тек көркемдік үшін алына салмаған. *Үй* адамның бұл дүниедегі тұрағын, тұрмыс-тіршілігін меңзейді. *Үміт үйі* бұл дүние мақсұтының баянсыз, сағым сияқты жоғалып кетерін аңдатады. *Құбылмалы сарай, өмір үйі* тіркестері де бұл дүниенің баянсыздығын паш етеді.

Поэтикалық тілдің бір белгісі болып табылатын көріктеу құралдары: теңеу, метафора, метанимия сияқты т.б. Шәкәрім тілінде де мол кездеседі. Ақын *айдай, балдай, майдай, иттей, оттай, желдей* **есу** сияқты дәстүрлі теңеулерді орнымен пайдаланады. Сондай-ақ өзіне дейінгі көркем әдебиетте кездесе бермейтін: *«Тозған мола сықылды сұм көрініп», «Мүйізі бар кісідей едірейіп», «Жел диірмен сияқты сенделмелі»* сияқты т.б. соны теңеулік құрылымдар бейнелілігімен тәнті етеді. Шәкәрім теңеу образының бір ғана сипатын алмай кейде екі не үш сипатын бірдей көрсетіп өтеді:

Сусағанның сусыны бол,
Су сықылды сұп-суық.
Бірақ ондай болма салқын,
Ел көңілін қалдырып.

Ақын судың екі жақты қасиетін көрсете отырып адам мінезінің де екі қыры болатынын аңдатады. «Сен ғылымға болсаң ынтық» өлеңінде теңеудің көркемдік, танымдық ерекшелігін барынша кең пайдаланып, бейнелеуіш тәсіл ретінде алған. Жеке метафоралық қолданыстарды айтпағанда Шәкәрімнің «Ажалсыз әскер», «Біреу маған от жақ деп қылды бұйрық» сияқты бірқатар өлеңдері тұтас метафораға құрылған.

Ақыл деген өлшеусіз бір *жарық нұр,*
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.
Тағдырдың қиын, сырлы ыиқырымен
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.

«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр» деп *ақын ақылды нұрға* балайды. *Нұр* метафорасы *өлшеусіз бір жарық* эпитетімен келген. *Жарық* және *нұр* сөздерінің синонимдігін ескерсек плеонастикалық тіркес болады. Сол арқылы ақын *нұрдың* әсерін екі еселеген. *«Басында жас бала едің сен, Ойың бұзылмаған, көңіл»* деген жолда Шәкәрім *көңілді бала* деп қарайды. *Бала* сөзінің өзі метафора болса, *көңіл* метанимиялық қолданыс деуге болады. Өйткені *көңіл* адам сезімі болумен бірге, жандандырылып адам орнына алынған.

Қорытынды

Көркем образ жеке сөзден тұрса да, сөз тіркесі, сөйлемнен тұрса да, шумақтан, тұтас бөлімнен тұрса да көркем шығарма тілінің эстетикалық құрылымға ие бөлшегі ретінде көрініс береді. Көркем шығарма тілінде сөздің қызметі түбегейлі өзгереді. Адамзат тілі қатып қалған қағидалардың, жансыз дыбыстардың, өлі сөздердің тілі емес. Ұлттың рухын, арман-мұратын, мінез-құлқын, тарихын бойына сіңірген қуатты, жанды тіл. Тілдің өміршеңдігі оның ішкі қайнар қуатында жатыр. Соның арқасында тіл үнемі жаңарып, жаңғырып, қайта түлеп дамып отырады. Теңдессіз дарын иесі ғана замана көшінен қалмай, қайта оның үні болып, тілдің рухын сұңғылалықпен танып, өз шығармашылығында дамыта түсіп, руханияттың жолбасшысы болып отырады.

Шәкәрім тілінде өзіне дейінгі көркем әдебиетте кезіге бермейтін соны тілдік қолданыстар жиі ұшырайды. Әрі мұндай көркем образдардың қазақ дүниетанымына соншалық етене жақын болып көңілге қона кетуі де ақынның шеберлігін көрсетеді: *ар сату, шолақ ой, көңіл көзі, ой құмар, жүректің таразысы, жаралы жүрек, сұм жүрек, қайраттың босы, жаралы көңіл, жүрегім дертті, улы жүрек, долы тіл, партия күйлеу, жалмаудан жалықпау, таза ақыл, тозған мін сияқты т.б.* Бұл аталған тіркестердің бірқатары Абайда да қолданылған.

Шәкәрімнің поэтикалық тілінде тілдік бірліктер көркемдік-эстетикалық құрылымның бөлшегіне айналады. Ақынның биік эстетикалық талғамының елегінен өтіп, стильдік тұлға ретінде қызмет атқарады. Өзіне дейінгі қазақ поэзиясы, Абай дәстүрі, Шығыстың әсер-ықпалы Шәкәрім поэтикасына кең өріс ашты. Шәкәрім тілі қазақ поэзиясын соны да, көркем образдармен, бейнелі қолданыстармен толықтырды. Шәкәрім тілдік құралдарды стильдік мақсатқа қолданудың жаңа үлгі, дәстүрін әкелді.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы: – Т.19. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
2. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. Алматы, 1999. – 197 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.
4. Жұбанов Қ.Қ. Шығармалар мен естеліктер. Алматы: Өнер, 1990. – 208 б.
5. Pirmanova K.K., Madiyeva G.B., Serikbayeva A.D., Tokmyrzayev D.O., Zakiryayeva G.S., Ongalbek A.A., & Ualikhan A.B. Creation of a Small Poetic Corpus Based on Abai's Poetry. Forum for Linguistic Studies, 7(9), 2025. – P. 402-420.
6. Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. Москва: Высшая школа, 1981. –320 стр.
7. Šeļa A., Plecháč P., Lassche A. Semantics of European poetry is shaped by conservative forces: The relationship between poetic meter and meaning in accentual-syllabic verse // PLOS ONE. – 2022. – Vol. 17, № 4. – DOI: 10.1371/journal.pone.0266556.
8. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 256 б.
9. Tarabaeva V.B., Alefirenko N.F., Chumak-Zhun I.I., Kosharnaya S.A., Plotnikova L.I., & Polovynyeva M.V. Poetic text in the light of cognitive-discursive research. Revista QUID (Special Issue), – 2017. – P. 2762-2766.
10. Kudratxodjayeva N.A., Usmanova Z.N., Kholmatova Sh.T., & Giyasova N.N. Research of linguopoetics in modern linguistics. Natural Volatiles & Essential Oils, 8(5), – 2021. – P. 11801-11805.

References

1. Auezov M. Zhiyrma tomdyq shyǵarmalar zhinaǵy: T.19. Zertteuler, maqalalar [Twenty-volume collection of works: Vol. 19. Studies, articles]. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 496 p. (in Kazakh)
2. Shalabai B. Kórkem ádebiet stilistikasy [Stylistics of fiction]. – Almaty, 1999. – 197 p. (in Kazakh)
3. Baitursynov A. Aq zhol [collection of publicistic works: Ak zhol]. – Almaty: Zhalyn, 1991. – 463 p. (in Kazakh)
4. Zhubanov Q.Q. Shyǵarmalar men estelikter [Works and memoirs]. – Almaty: Óner, 1990. – 208 p. (in Kazakh)
5. Pirmanova K.K., Madiyeva G.B., Serikbayeva A.D., Tokmyrzayev D.O., Zakiryayeva G.S., Ongalbek A.A., Ualikhan A.B. Creation of a Small Poetic Corpus Based on Abai's Poetry. Forum for Linguistic Studies, 2025, 7(9). – P. 402-420. (in English)
6. Vinogradov V.V. Problemy russkoi stilistiki [Problems of Russian stylistics]. – Moscow: Vysshaya shkola, 1981. – 320 p. (in Russian)
7. Šeļa A., Plecháč P., Lassche A. Semantics of European poetry is shaped by conservative forces: The relationship between poetic meter and meaning in accentual-syllabic verse // PLOS ONE. – 2022. – Vol. 17, № 4. – DOI: 10.1371/journal.pone.0266556

8. Momynova B. Shakarim poeziyasynyń tili (leksika-funktsionaldy raqurs) [The language of Shakarim's poetry (lexical-functional aspect)]. – Almaty: Arys, 2008. – 256 p. (in Kazakh)
9. Tarabaeva V.B., Alefirenko N.F., Chumak-Zhun I.I., Kosharnaya S.A., Plotnikova L.I., Polovynyeva M.V. Poetic text in the light of cognitive-discursive research. Revista QUID, Special Issue, 2017. – P. 2762-2766.
10. Kudratxodjayeva N.A., Usmanova Z.N., Kholmatova Sh.T., Giyasova N.N. Research of linguopoetics in modern linguistics. Natural Volatiles & Essential Oils, 2021, 8(5). – P. 11801-11805.

Қ.Т. Бибеков[1*], Л.М. Оразгалиева[2]
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. К. Мунайтпасова, 11
[2]Astana IT University,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, проспект Мәңгілік Ел, С1
[*]ORCID: 0000-0003-2850-9637
[*]e-mail: kanysh.bibekov@gmail.com

ПРОЯВЛЕНИЕ ТРАДИЦИИ АБАЯ В ЯЗЫКЕ ШАКАРИМА

Аннотация. Статья посвящена исследованию того, каким образом поэтическая языковая традиция, сформированная Абаяем, была продолжена и качественно обновлена в творчестве Шакарима. Объектом исследования являются языковые, композиционно-стилистические и художественно-эстетические особенности поэзии Абая и Шакарима. В работе применяются описательный метод, сравнительный анализ, лингвопоэтическое рассмотрение и семантическое моделирование, что позволяет выявить трансформацию языковых единиц в структуре художественного текста.

Полученные результаты показывают, что Шакарим творчески развил абаевскую традицию: переосмыслил народные образы, наполнил устойчивые выражения новыми семантическими оттенками, активно использовал аллитерацию, ассонанс, анафору и эпифору в стилеобразующих целях, расширил выразительные возможности языка за счет деривации метафорических структур и синкретических сочетаний. Духовно-этические ценности поэта органично вплетены в эстетическую природу его поэтического языка, формируя индивидуальный идиостиль.

Результаты исследования позволяют определить специфику преемственности и новаторства в казахской поэзии, уточнить историко-эстетическую роль абаевской школы, а также расширить теоретическую базу лингвопоэтического анализа. Статья представляет ценность для дальнейших исследований по проблемам языковой личности, поэтической семантики и развития художественного стиля.

Ключевые слова: абаевская традиция, поэзия Шакарима, поэтический язык, лингвопоэтический анализ, языковая личность, традиция и новаторство.

K.T. Bibekov[1*], L.M. Orazgaliyeva [2]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University,
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, 11, K. Munaitpasov street
[2]Astana IT University,
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, C1 Mangilik El Avenue
[*]ORCID: 0000-0003-2850-9637
[*]e-mail: kanysh.bibekov@gmail.com

THE REFLECTION OF ABAI'S TRADITION IN THE LANGUAGE OF SHAKARIM

Abstract. This article explores how the poetic language tradition established by Abai was continued and conceptually transformed in the works of Shakarim. The study focuses on the linguistic, compositional-stylistic, and aesthetic features of their poetry. Descriptive analysis, comparative method, linguopoetic examination, and semantic modeling were employed to investigate the stylistic and semantic transformation of linguistic units within the poetic text.

The findings demonstrate that Shakarim not only preserved but creatively expanded Abai's linguistic tradition. He reinterpreted folk imagery, enriched established expressions with new semantic nuances, and employed alliteration, assonance, anaphora, and epiphora with strong stylistic intent. Shakarim also broadened the expressive capacity of the poetic language through innovative metaphoric constructions, syncretic word combinations, and the personification of

abstract concepts. His poetic language reflects a deep connection between aesthetic expression and moral-philosophical worldview, forming a distinctive idiostyle.

This study clarifies the continuity and innovation within Kazakh poetic tradition, identifies the aesthetic significance of Abai's school, and contributes to the theoretical development of linguopoetic analysis. The results offer valuable insights for further research on poetic semantics, linguistic personality, and the evolution of literary style.

Keywords: Abai's poetic tradition, Shakarim's poetry, poetic language, linguopoetic analysis, linguistic personality, tradition and innovation.

Авторлар туралы мәліметтер

Бибеков Қаныш Тлеужанұлы* – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана, e-mail: kanysh.bibekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2850-9637.

Оразгалиева Лаура Муратбековна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Astana IT University, Қазақстан Республикасы, Астана, e-mail: lauraorazgalyeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7795-1339.

Сведения об авторах

Бибеков Каныш Тлеужанулы* – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, Астана, e-mail: kanysh.bibekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2850-9637.

Оразгалиева Лаура Муратбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Astana IT University, Қазақстан Республикасы, Астана, e-mail: lauraorazgalyeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7795-1339.

Information about authors

Kanysh Bibekov* – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, e-mail: kanysh.bibekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2850-9637

Laura Orazgaliyeva – candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of General Education disciplines, Astana IT University, Republic of Kazakhstan, e-mail: lauraorazgalyeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7795-1339.

Редакцияға енуі 26.10.2025
Өңдеуден кейін түсуі 05.12.2025
Жариялауға қабылданды 25.12.2025